

КӨШБАСШЫЛЫҚ ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биыл әлемнің ең үздік 800 университеті арасында 275-орынды иеленіп, өзінің халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін тағы да дәлелдеді. Бұл – білімі, білігі мен бірлігі ұштасқан ҚазҰУ ұжымының қажырлы еңбегінің жемісі. Биіктеген сайын талап та күшеймек, бәсекелестер де мықтырақ. Көшбасшы болудың жауапкершілігі де осында. Кешегі ректорат отырысында университет ректоры Ғалым Мұтанұлы оқытушы-профессорлар құрамына қарата осылай деп сөз арнады.

Жүйелі қайта құруды ойдағыдай жүзеге асырған ҚазҰУ әлемдік университеттер рейтингінде жыл өткен сайын жоғары орынға көтеріліп келеді. Әйгілі QS (Ұлыбритания) халықаралық рейтинг агенттігінің 2015 жылғы 15 қыркүйекте жариялаған зерттеу қорытындысына сәйкес, ҚазҰУ ең үздік 300 университет қатарына қосылды. Бұл бағыттағы ҚазҰУ жетістіктері жайлы мәжілісте бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев кеңінен баяндады. QS WUR (Ұлыбритания) агенттігінің нұсқасы бойынша жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингісінің қорытындылары және ҚазҰУ-дың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары туралы хабарламасында ол бұл рейтингте университеттің 2010 жылдан бері 326 орынға, соңғы бір жылда 30 орынға көтерілгенін атап өтті.

ҚазҰУ тұңғыш рет Қазақстан және Орталық Азия университеттері арасында осындай айтулы жетістікке қол жеткізді. Шетелдік сарапшылардың пікірінше, өте қысқа мерзім ішінде әлемнің ең үздік 300 университеті қатарына ену – нағыз әлемдік феномен және қарқынды түрде алға ілгерілеу болып табылады. Бұл университет ұжымының кәсіби деңгейінің жоғары екенін және жұдырықтай жұмылып жұмыс атқарып отырғанын дәлелдеп отыр.

ТМД елдері университеттерінің ішінде мұндай жетістікке жеткендері саусақпен санарлықтай. 2015 жылы оған ТМД-ның үш университеті ғана – М.Ломоносов атындағы ММУ (108 орын), Санкт-Петербург мемлекеттік университеті (256) және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (275) кірді.

Мұхамбетқали Мырзабайұлының айтуынша, рейтинг бойынша үздік деп табылған әлем университеттеріне тән басты ерекшеліктер: академиялық абырой, жұмыс берушілер бағасы және жеке ғылым салалары, оның ішінде нақты ғылымдар бойынша көрсеткіштер аса жоғары. Сондай-ақ өз хабарламасында ол академиялық абыройды нығайтудың, жұмыс берушілер бағасын жақсартудың, шетелдік оқытушы мен студент тартудың тиімді жолдарын ұсынды.

Университет ректоры Ғалым Мұтанұлы тақырыпты түйіндей келе, рейтингке сай әрбір бағыт бойынша нақты жұмыс жопарын жасауды тапсырды. Жоғарылаған сайын талаптың да күшейе түсетінін еске салған университет басшысы қолда бар мүмкіндіктерді кеңінен пайдалана отырып, ұжым алдына барлық бағыттар бойынша тың серпіліс жасау міндетін қойды.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

Вперед «Арлан»!

В КазНУ состоялось торжественное открытие игр Национальной студенческой лиги по футболу с участием главы МОН РК А.Саринжипова.

В мероприятии приняли участие министр образования и науки РК Аслан Саринжинов, ректор КазНУ Ғалым Мұтанов, а также ректоры, преподаватели и студенты университетов г. Алматы.

На площадке спортивного комплекса КазНУ им. аль-Фараби состоялась торжественная церемония открытия осенней части регионального отборочного турнира Чемпионата «Весна-Осень 2015», с участием министра образования и науки РК. Глава МОН РК А. Саринжинов поздравил участников турнира с началом игр, пожелал им успехов.

Продолжение на 8 стр.

Жемқорлыққа жол жоқ!

Жуырда университетте Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлықтың шығуы: ұлттық таным және ментальды мәселелер» атты ғылыми-танымдық конференция өтті.

Шараны университет ректоры Ғалым Мұтанов ашып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттердің маңыздылығына тоқталды. Ол: «Елбасының халықпен қоғам алдына қойған тапсырмалары аясындағы өзекті мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және оның алдын алу міндетіне біз іс-шаралар дайындап, жүйелі жұмыс атқаруымыз керек», – деп атап өтті.

Конференция барысында еліміздегі жемқорлыққа қарсы күрестің өзекті мәселелері талқыланды. Ғалымдар, профессорлар және университет оқытушылары осы конференцияға арнайы баяндамалар жасады. ҚазҰУ-дың әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры Ш. Жаманбалаева «Университет сыбайлас жемқорлықтан таза» атты баяндамасында оқу орнының қабырғасында кез келген сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу қажеттігін айтты.

Жалғасы 3-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

КЛИНИКА
для КАЗНУ



2-стр.

Making Tomorrow's
Career Begin Today



4-page

ҚАРА ШАҢЫРАҚ ЖАС
ТОЛҚЫНЫН ҚАРСЫ АЛДЫ



6-бет

КЛИНИКА ДЛЯ КАЗНУ

В КазНУ будет создан международный медицинский кластер, который поднимет уровень медицинского обслуживания на качественно новый уровень. Договоренность с Госпиталем Бунданг при Сеульском национальном университете и КазНУ была достигнута на основе подписанного меморандума о создании совместной университетской клиники на пятьсот мест.

Сеульский национальный университет является одним из крупнейших университетов Южной Кореи и занимает лидирующие позиции среди лучших университетов мира и Азии. На протяжении нескольких лет зарубежный вуз является одним из главных партнеров КазНУ.

Меморандум был подписан в рамках партнерских отношений между ректором КазНУ Г.М. Мутановым и президентом госпиталя Бунданг г-ном Ли Чоль Хи.

Известно, что Южная Корея лидирует не только в области IT-технологий, но и в сфере медицинского туризма. Недавно с участием специалистов из Южной Кореи и Сеульского национального университета, имеющего богатый опыт в создании медицинского кластера, была спроектирована и построена медицинская клиника в Дубае, которая отвечает всем последним требованиям современной медицины.

Визит Корейской делегации во главе президента Сеульского национального



университета г-на Сун Нагина в КазНУ является показателем дружественных и доверительных отношений между вузами. В рамках партнерства сегодня ведется совместная подготовка специалистов для строительства клиники. Как и ранее, все проекты реализуются на принципах государственно-частного партнерства.

Первым шагом к осуществлению проекта стало открытие с южнокорейскими партнерами медицинского диагностического центра. Он расположен на территории кампуса, в центре обслуживания

студентов «Керемет», на площади 2400 кв. м. Здесь преподаватели и студенты получают медицинские услуги по мировым стандартам качества на самом современном высокотехнологичном оборудовании.

По мнению специалистов, целью проекта станет обеспечение граждан современным технологичным центром, где можно получить профессиональную диагностику и медицинскую помощь на территории Казахстана.

ПРЕСС-СЛУЖБА

■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

Өткен аптада Қазақстанға алғаш келген Малайзия Ислами ғылымдар университетінің сапартобы ҚазҰУ ғалымдарымен кездесіп, екіжақты ынтымақтастық келешегін талқылады.

Кездесу барысында тараптар ынтымақтастық орнату мәселелері бойынша пікір алмасты. Талқылау барысында студент және оқытушы алмасу бағдарламасы басты бағдар болды. Екі жақ өкілдері де бұл бағдарламаға аса қызығушылық танытып, Малайзия университетінің өкілдігі студент алмасу бағдарламасына қосдипломдық жүйені енгізуді ұсынды. Ол бойынша оқу бітірген студент екі жақтың да жоғары оқу орнының дипломын алуға мүмкіндік алады. Бұл ҚазҰУ-да кеңінен таралған тәжірибе екенін айта кеткен жөн.

Еркебұлан СМАЙЫЛ

Жуырда Әл-Фараби кітапханасында Инновациялық қызмет жөніндегі бөлім мен ҚР Инвестициялар және даму министрлігі техникалық реттеу және метрология комитеті, Сапа және инновациялық менеджмент ұйымы бірлесіп, «Инновация, сапа және тиімділік» тақырыбында халықаралық онлайн-конференция ұйымдастырды.

Онлайн-конференцияның өту барысында ҚазҰУ ғылыми-зерттеу институттарының қатысушылары мен мүшелері Қазақстандағы инновациялық жобалардың сапасы мен санын арттырудың, бенчмаркинг және инновацияларды қолдана отырып заманауи мәселелерді шешудің ұтымды жолдарын қарастырып, тәжірибе алмасты.

Kaznu.kz

Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен университеттің оқытушы-профессорлық құрамының жарияланым белсенділігін арттыру шарасын орындау аясында «Taylor & Francis Author Workshop» семинары өтті.

Taylor & Francis әлемнің ең үздік 20 ғылыми баспаларының санатына кіреді және әр елдің ғалымдарына өздерінің халықаралық рецензияланған журналдарына жариялануға мүмкіндік береді. Осылайша, қазіргі уақытта Taylor & Francis жылына шамамен 1000 ғылыми журнал мен 2000 монография жариялайды. Баспа журналдарының көбісі Web of Science, Thomson Reuters мәліметтер базалары бойынша импакт-факторға ие және Scopus мәліметтер базасына енгізілген. Осы баспаның рейтингті журналдарында біздің университет ғалымдарының жарияланымдары мен монографияларын кездестіруге болады.

Kaznu.kz

Большие перспективы



В КазНУ состоялась встреча руководства вуза с представителями Корейской ассоциации бизнес-инкубаторов («KOBIA», Южная Корея)

Делегация во главе директора департамента «KOBIA» Ли Кисок посетила КазНУ. В состав гостей вошли представители Корейской Ассоциации бизнес инкубаторов (KOBIA), организаций «KERI» и «Трикос», представители университетов Ханзон, Чунбук, Тонмен и Силла.

По ходу встречи прошло совещание с гостями по вопросам дальнейшего сотрудничества. Были обсуждены вопросы по укреплению и расширению

научного партнерства, по активизации академической мобильности, повышению квалификации и проведению совместных научных разработок.

По окончании совещания была проведена экскурсия по Научно-технологическому парку, где гости ознакомились с инновационными разработками ученых университета. Особую заинтересованность гости проявили к разработке косметических и лекарственных средств на основе

растительного сырья. По ходу выставки гости обсудили взаимные интересы и методы совместной работы, обменялись информацией по имеющимся ноу-хау технологиям в различных сферах.

Основная задача ассоциации «KOBIA» — это налаживание деловой связи между казахстанскими и корейскими организациями для развития межгосударственной торговой сети. Всего в состав корейской ассоциации «KOBIA» входит 270 организаций, разгруппированных по 14 регионам Кореи по направлениям своей деятельности.

ПРЕСС-СЛУЖБА


ҚазҰУ-да ҚР Білім және ғылым министрі А. Сәрінжіповтің қатысуымен футболдан Ұлттық студенттер лигасының ашылу салтанаты өтті

Ұлы дала тарихы – ұрпаққа аманат

11 қыркүйекте Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғ.М. Мұтанов, университет ғалымдары, академиктер мен профессорлар – С. Сартаев, А. Ағыбаев, Қ. Жұмағұлов, З. Кенжалиевтер қатысып, тарихымызды ұлықтауға өзіндік үн қосып қайтты.

Назарбаев университетінде өткізілген «Мәңгілік ел» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция барысында профессор Қ.Т. Жұмағұлов «Қазақ мемлекеттілігінің бастауларын зерттеудегі Ватикандық латын деректері» атты баяндамасын оқыды. Ғалымның айтуынша, қазақ мемлекеттілігінің тарихы сақтар, ғұндар, Түркі қағанаты, Оғыз, Қарлұқ мемлекеттері, Дешті-Қыпшақ, Алтын Орда кезеңінен бастау алып, тамыры тереңге кетеді. Профессор осы тайпалық пен мемлекеттік құрылымдар бойынша латын тілінде кездесетін сирек деректік материалдарды атакты Ватикандық Апостол кітапханасының (Biblioteca Apostolica Vaticana) Vaticani Latini (Латинское собрание) атты қолжазбалар залынан тапқан.

ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінде дәріс жүргізуші



Ла-Сapiенза университетінің (Рим) профессоры Фабио Грассидің баяндамасы Еуропа мен Азияның өзара әрекеттестігі мәселелеріне арналды (Europe and the Great Asia in the Past and Present). Ол атап өткендей, «еуропалықтардың Орталық Азияға қызығушылығы біздің заманымыздың V ғасырынан басталып бүгінгі күнге дейін жоғары деңгейде». Себебі Қазақстан тарихы өте бай. Ол Батыс Еуропа елдері ғалымдарының назарында болып отыр. Қазіргі уақытта профессор

Фабио Грасси факультетте докторанттар, магистранттар мен студенттер үшін «дүние жүзі тарихы» бағыты бойынша дәріс беруде.

Қорыта келгенде, Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесін ту еткен халықаралық конференция алыс және жақын шетелден жиналған ғалымдардың арасындағы жемісті талқылау мен пікір алмасу алаңына айналды.

Өз тілшімізден

ҚазҰУ студенттері рекреациялық география және туризм кафедрасы меңгерушісі Александр Артемьевтің бастамасымен Алматы қаласы күніне орай тау жорық ұйымдастырды. Шараға 1, 2-курс студенттері қатысып, Іле Алатауының Фурмановка шыңына өрлеп қайтты.

Қала күніне арналды

Теңіз деңгейінен 3200 метр биіктікте орналасқан шыңға шығу қатысушыларға оңайға соқпады. Төменде – күз, ал шын басында нағыз қыс басталып кетті. Ақ түтек боран мен еріксіз жауып жатқан ақ ұлпа, қалың тұман жарыс жолына қиындық туғызса да, қатысушылардың жолын бөгей алмады. Нәтижесінде, шың басына шығып, мерекелік шараның негізгі мақсатын орындап қайтты.

«Шараға қатысып отырғандардың басым көпшілігі – бірінші курс студенттері. Тау жорыққа бас-аяғы 64 студент, 5 мұғалім қатысып, межелеген биікке шығып қайтты. Біз жыл сайын осындай шараны үздіксіз ұйымдастырып тұрамыз. Бүгінгі жорықты қала күнінің құрметіне арнап отырмыз. Алда 24 қыркүйек күні ҚазҰУ ұжымы болып, «Құмбел» шынына шығу жоспары бекітіліп отыр. Бұл шара алдағы аптадағы Туризм күніне орай өткізілетін болады», – дейді рекреациялық география және туризм кафедрасының аға оқытушысы Айдар Жұмаділов.

Шараға алғаш рет қатысып отырған 1-курс студенті Бектас Әміржанов: «Таудың төменгі белдеуіне көтерілу жеңіл болғанымен, шыңға шығатын аумақ өте қолайсыз болды. Бірақ биікті бағындырып, мың құбылған табиғаттың тылсым сәтіне куә болған сәтте ерекше әсерде болдық. Енді туризм күніне орай өткізілетін жарыста бағымды сынап қайтамын», –десе, 2-курс студенті Ботагөз Сарабаева «Фурмановка шынына шығуда ерекше табиғат көріністерін тамашаладық. Жақпар тастар, ақ ұлпа мамық қар, бәрі-бәрі – керемет», – деп сыр ақтарды.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Жемқорлыққа жол жоқ!

Жалғасы. Басы 1-бетте



Соған орай «Қазақстан университеттері сыбайлас жемқорлықтан таза» атты қозғалыс ұйымдастыру жөніндегі ұсынысын жеткізді. Басқосуға келген қонақтар өздерінің осы мәселеге байланысты пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Жиында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Б. Камалов сөз сөйлеп: «Сыбайлас жемқорлық елдің

әлеуметтік-экономикалық дамуына, демократиялық саяси құрылымына, қоғамдық институттарға және елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретіні анық», – дей келе, жемқорлыққа қарсы университеттермен бірлесе жұмыс атқару керектігін баса айтты.

Расында да, сыбайлас жемқорлық қазіргі танда қоғамның аса бір көкейкесті мәселесіне айналып отыр. Өйткені, сыбайлас жемқорлық әлемдік қауымдастық алдында елдің беделін түсіріп, мемлекеттің имиджіне кері әсерін тигізеді. Бұл кеселмен күресу үшін Қазақстандағы барша халықтың ерік-жігері, сондай-ақ еліміздегі әрбір азаматтың түбегейлі ой ұстанымы қажет.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты халыққа жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлықты жоюдың барша халықтың борышы екенін атап көрсетті.



Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мұның оң шешімін табу жолдарын кез келген құзырлы органдар мен мекемелер, тіпті білім ошақтары да қауқары жеткенше күресумен келеді. Бұған дәлел ретінде Қазақ ұлттық университетінің жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асыруды көздейтін әртүрлі шаралар қабылдап, көптеген бағдарламалар аясында белсенді қызмет атқарып жатқандығын айтуға болады. Атап

айтсақ, «Нұр Отан» партиясымен бірлесе отырып, жемқорлықтың алдын алу мақсатымен түрлі кездесу, жиын мен отырыстар тұрақты түрде өткізіледі. Мұндай іс-шараларға құқық қорғау мекемелері, сот және өзге де мемлекеттік органдардың басшылары мен жауапты қызметкерлері қатысып, сөз сөйлейді. Студенттік ұйымдар тарапынан түрлі акция және «Антишпора», «Жемқорлыққа жол жоқ!», т.б. іс-шаралар мен флешмобтар өткізілетінін айтып өтуге тиіспіз.

Жұлдыз ӘБІЛ

THE POWER OF WORDS

We can easily find out what people are interested in by looking at the language they speak. Mongolian and Kazakh have very many words concerning animals. The Eskimo has many words to describe snow, while the English only has one. An Eskimo has a specific word to describe the wet snow, the snow falling and so on. Therefore an Eskimo perceives the snow in a different way than an English person.

Words have a tremendous impact on people. Whatever words we utter should be chosen with care, for people will hear and be influenced by them for good or evil. The basic tool for the manipulation of truth is manipulation of words. If one can control the meaning of words, one can control the people who use those words. If a man can control his tongue he is a perfect man.

It is really helpful to think about the power of words: not only what we say but how we say it, makes differences especially when it comes to our feeling.

Great leaders have the power of language – a stunning ability to communicate their ideas. A politician who can convince his public that his aims and objectives are right can persuade his audience to support him.

Words can make the audience feel something. Some words can cause fear as “struggle”, “terror”, others can cause hope, such as “strength”, “victory”. If you want your family people, friends, class mates, neighbours feel better, use these power words:

Amazing; happy; belief; hero; blissful; hope; cheer; magic; conquer; miracle; courage; spectacular; delight; stunning; excited; triumph; faith; victory; grateful; wonderful; success; lucky.

I am conducting an English class in student group 101, majoring in chemistry, Faculty Of Chemistry and Chemical Technology. It is their first lesson of the English language at University. All eyes are on me. I see their faces watching, waiting and wanting. They entered the university with new hopes and aspirations.

MAKING TOMORROW'S CAREER BEGIN TODAY



There are 12 students in this group. I am really happy for them. They have joined the big and friendly student com-

munity of the most highly reputed university of the Republic of Kazakhstan – al Farabi State National University. It is my

firm belief that the students of group 101 are the promise of tomorrow of our country. There are 6 graduates of Nazarbayev Intellectual school, a Republican Chemistry Olympiad winner in this group. One important thing is that all students have chosen a subject area they are really interested in. They very well understand that in an extremely competitive world one way to increase their chance of success is to be determined, motivated and have passion for the subject they are pursuing and that they should seek strength in competence. I am delighted that they show a special zeal to the study of a foreign language. I tell them that mastering a foreign language is a very demanding task.

It is my duty as a teacher of English to spark their desire and enthusiasm to learn it, help them feel comfortable and make learning a foreign language a successful experience. Foreign language learning differs in degree of success and in the character of results. There is no guaranteed success. But given the right attitude, motivation, hard work and patience every one can achieve high level of proficiency.

Zhanabay S.B.:
Nazarbayev Intellectual School graduate:

I have very high expectations from University studies and life. Now when I have started my studies I know that I have chosen the right University and the right subject – chemistry.. Nowadays, chemical industry is one the leading branches of national economy, and Kazakhstan, as a young developing country, has to train highly qualified specialists to develop and strengthen this sector . So, I think KazNU can cope with this task and I am happy to be the student of this very University!



Asanova A.N.
Nazarbayev Intellectual School graduate:

My first day at University was an important event in my life. To me it is an unforgettable day. I came across many happy faces of the first year students who were hurrying up to their lectures. I will do my best to become an ideal student.

Abdibek B.O.*Nazarbayev Intellectual School graduate:*

I greatly enjoyed my first English lesson. The teacher asked us to speak on the topic “About myself”. She gave us some 5-7 minutes to get ready. From their stories I found out that we have 5 Nazarbayev Intellectual School graduates and a Republican Chemistry Olympiad winner. All the students of our group told many interesting facts about themselves: where they are from, the schools they have finished, why they have chosen chemistry, who their parents are. Everyone is determined to master the English language and as well as classmates I’ll do my utmost to achieve high English competence.

Rakhman D.: *Republic Olympiad winner.*

I was really happy to be the winner of the Republican Chemistry Olympiad. It was my first greatest accomplishment. Now I am certain that chemistry is my life. Although my parents wanted me to choose medicine I decided to be firm in my choice of the University and my future speciality. On the very first day the University buildings, the campus, the laboratories of the faculty of Chemistry and Chemical Technology excited my interest and I am eager to perform experiments there. I hope I will be a successful student.

Prepared by Muldagalaliyeva A.A.

Representatives of the al-Farabi KazNU held a meeting with the Korean Organization of Business Incubators («KOBIA», South Korea)

Бұйдаш хан

Бұйдаш хан – Жәнібек ханның немересі, Тахир ханның туған інісі. Тахир ханнан соң таққа 1532-1533 жылдары отырады. Жазба дерек мәліметтеріндегі Бұйдаш ханның қатысуымен болған оқиғаларға зер салсақ және болған оқиғалардың географиялық аумағына көңіл аударсақ, онда Бұйдаш ханның Жетісуда ғана билік жүргізгеніне көз жеткіземіз. Мұхаммед Хайдар Дулати Бұйдаш хан билікке келген кезінде 30 мыңдық адамы болды десе, келесі бір дерегінде Бұйдаш хан тұсында 20 мың қазақ қана қалды деп жазады. Мұхаммед Хайдар Дулатидың дерегінде Бұйдаш хан 5-6 жылдай билік құрып, 1534 жылдан кейін қайтыс болған. Ал басқа деректер мәліметтері бойынша, Бұйдаш хан 20 жылдан аса хан болып, 1559 жылы ұрыстардың бірінде қаза тапқан.



Бұйдаш хан өміріндегі анықталған айтулыоқиғағаның1556жылыШығыс Түркістандағы моғол билеушісі Рашид ханның (1533-1560) ұлы Абд ал-Латиф сұлтанның казактар мен қырғыздарға жасаған жорығына тойтарыс беруі

жатады. Қырғыздарды талан-таражға салып, мол олжамен кейін қайтқан Абд ал-Латифтың соңынан Бұйдаш хан біріккен казак-қырғыз әскерімен куады. Шайқас нәтижесінде моғол сұлтаны қаза тауып, бұл хабар әкесі

Рашидке жеткізіледі. Рашид ханның мол әскері жетіп үлгереді де, Бұйдаш хан шегінуге мәжбүр болады. Қылма-Қажыр деген жерде ұрыс болып, Бұйдаш хан жеңіліске ұшырайды.

Бұйдаш ханға байланысты келесі бір дерек мәліметінде оның 1559 жылы Мәуреннахрға жорығы жөнінде баяндалады. Бұл жорыққа 20-дан астам казак сұлтандары қатынасады. Сайрам маңында шайбанилық билеушілер әскерімен болған ұрыста казак әскерлері шанды дауылдың бетке қарсы соғуына байланысты жеңіліс табады. Осы ұрыста Бұйдаш хан қаза табады. Бұл мәліметті Қадырғали Жалайыр дерегі одан әрі былайша толықтыра түседі: «Бұйдаш хан Барақұлы Дервиш ханмен соғыста өлді. Бес ұлдың ұрпағы жиырма төрт сұлтан сонда шахид болды».

Бұйдаш ханның Дервиш ханмен соғысы Сыр бойындағы қалалар мен өңірлерге иелік ету үшін болған. XV ғасырдың 70-жылдарынан бері басталған күрес 1598 жылға дейін созылады.

Деректерде Бұйдаш ханның ұрпақтары жөнінде ештеңе айтылмайды. Қадырғали Жалайырда: «Әдік сұлтанның ұрпағын бес ұл деп атайды. Бес ұлдың ұрпағы жиырма төрт сұлтан сонда (Бұйдаштың Дервиш ханмен соғысы – Б. К.) шахид болды», — деп жазады. Соған қарағанда Бұйдаш ханның ұлдары 1559 жылғы шайқаста әкесімен бірге қаза тапқан болуы мүмкін.

Отбасы - бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы, белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс-тіршілік әкеледі. Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі - бала. Баланың тәрбиелі, жан-жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы мол. Бүгінгі күні еліміздегі әртүрлі отбасыларды әлеуметтік зерттеуші мамандар өз қызметтерінің басты бағыты деп санап, осы тәжірибелерін өзгелермен бөлісуде. Осыған орай жуырда философия және саясаттану факультетінде Гендерлік білім беру орталығы, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының ұйымдастыруымен Отбасы күніне арналған «Отбасы және отбасылық тәрбие: кемтарлық сұрақтары және әлеуметтік көмектер» атты дөңгелек үстел өтті.

Отбасы- қоғам тірегі

Дөңгелек үстелде казакстандық отбасындағы өзекті мәселелер, отбасылық тәрбие және әлеуметтік көмек технологиялары талқыланды. Жалпыға бірдей білім беретін «Ашық мектеп» қоғамдық білім беру қорының директоры Л.А. Попова «Ата-ананың қолынан келмейтін іс болмайды» атты ата-аналардың мүгедек балаларды тәрбиелеу тәжірибесі туралы жобасын кенінен баяндап берді. Жобада кемтар балалары бар отбасылардың балаларын асырауы мен білім алуы, оларды тәрбиелеп, жетілдіруі зерттелген. Бұл кітаптың осындай мүгедек балалары бар отбасыларға берер тәжірибесі көп болары сөзсіз. Профессор З.Ж. Жаназарова және доцент М.П. Кабакова отбасының берік болуы үшін әлеуметтік ұйымдар мен әлеуметтік-психологиялық кеңес берудің маңыздылығын көрсетті. Олар студенттерді әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылар мен балаларды қолдауда волонтерлік қызметпен айналысуға үндеді.

Іс-шараға әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс, жалпы және этникалық психология, әлеуметтік педагогика және білім беру менеджменті кафедраларының оқытушылары мен студенттері де атсалысты. Әлеуметтік жұмыс мамандығының магистранттары, «Writing» үйірмесінің мүшелері — З.Махмұтова, А.Қазбекова, К.Құрманжановалар баяндама даярлап, мұқтаждықтары бар көп балалы отбасылар, бала асырап алған отбасылар, көпұлтты отбасылар, ата-анасымен келіспеушіліктері, есірткі және алкогольге әуестігі бар отбасылар мәселелерін көтерді.

Отбасы берекелі, тату болу үшін сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық қасиеттер әр адамның жүрегінен орын алуы керек. «Отан отбасынан басталады» дегендей, елдің, ұлттың, жалпы адамзаттың болашағы, даму деңгейі осы отбасынан басталады.

Н.У. ШЕДЕНОВА,
Гендерлік білім беру орталығының директоры;
Г. СИЯЗ,
«әлеуметтік жұмыс» мамандығының магистранты

Қожа Ахмет хан (Ахмет хан)

Ахмет ханның шығу тегі жөнінде нақты мәліметтер ешбір деректе айтылмайды. Қадырғали Жалайырдың еңбегіндегі «Ораз – Мұхаммед-хан дастаны» атты тарауда негізінен Жәнібек ханның ұлдары мен немерелері туралы айтылып, Ахмет хан да сонда кездесетіндіктен, оны Жәнібектің тоғыз ұлының бірінен тараған деп санауға болады.

Деректе: «Ахмад-хан. Узбекида Ахмад хан деп атайды. Ол да біраз уақыт хан болды. Шидак бекпен болған ұрыста шахит болды. Орақ мырза шахит қылды», — деп баяндалады.

Шамамен, XVI ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысы мен 30-жылдардың бірінші жартысында Ахмет хан Қазақ хандығының батысында билік еткен. 1524 жылы Тақыр хан ноғайлардың тықсыруымен және Сұлтан Нигар-ханымның кеңесімен Моғолстанға қарай бет алғанда, хан билігіне мойынсұнбай, оның қарауындағы көптеген адамдар өз ұлыстарымен одан бөлініп кеткен.

Солардың бірі, біздің ойымызша, Ахмет хан. Жазба деректердің мәліметтері Ахмет ханды ноғайлармен күресте болғандығын көрсетеді. 1534 жылы Ноғай Ордасында болған орыс елшісі Даниил Губиннің Иван Грозныйға жазған хабарламасында, «қазақтар күшті, олар ноғайларға қарсы соғысқа дайындалуда, ал Мұсаның ұлдары Шах-Мамай мен Жүсіп мырзалар Қазақ ордасынан қорқып, Жем бойында тұр», — делінген.

Сол жылы қазақ-ноғай арасында соғыс болып, казактар жеңіліс табады. Өйткені, 1535 жылы Мұсаның екінші ұлы Сейдақ бектің Грозныйға жазған хатында казак



ханы Қожа-Махмұдтың (Қожа-Ахмет) 15 ұлымен бірге өзінде тұтқында отырғандығы хабарланады. Сондай-ақ, Ахмет ханды Мұсаның немересі Орақ батырдың өлтіргендігін Қадырғали Жалайыр айтып өтеді.

Берекет КӘРІБАЕВ,
профессор
(Басы өткен сандарда. Жалғасы бар)

ҚАРА ШАҢҒЫРАҚ

Жас толқынын қарсы алды



Жаңа оқу жылының салтанатты бастауы — ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанұлының құттықтау сөзі мен тілегі кештің басты қонақтары 1-курс студенттеріне арналды. Ол: «Құрметті бірінші курс студенттері, сіздерді дұрыс әрі нақты таңдау жасады деп түсінеміз. Сіздерді еліміздің іргелі оқу орнының студенті болуларыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Биыл университетке 5 мыңнан аса талапкер оқуға түсіп, жаңа оқу жылын бастап отыр. Біз үшін бұл өте жақсы көрсеткіш. Аталған көрсеткіштің ішінде 40 пайызға жуығы магистранттар мен докторанттардың үлесін көрсетеді. Осы аталған студенттердің 10 пайыздан астамын шетелдік студенттер құрайды. Мұның барлығы ҚазҰУ-дың әлемдік үлкен көрсеткіштерге жетіп, өсіп жатқандығын айқындайды. Біздің алдымызда зор міндеттер тұр. Елбасы тапсырғандай: кемінде 2020 жылы әлемдік ең үздік жоғары оқу орындарының қатарына қазақстандық екі университет енуі керек. Қазір сол міндетті орындауда біздің ұжым өте табысты жұмыс атқарып жатыр. Соңғы 5 жылда 350 позицияға алға жылжып, осы биылдың өзінде 30 позиция көтеріліп,

әлемнің ең үздік университеттерінің ішінде 275-орынды алдық. Барлықтарыңызды осы жеңіспен құттықтағым келеді. Бұл шынында да үлкен табыс. Осы мәртебеге жетіп отырған бұрынғы Кеңес Одағынан үш қана университет бар. Оның бірі әлемге әйгілі Ломоносов атындағы университет, Санкт-Петербург университеті (бұрынғы Ленинград университеті), сонымен қатар бұрынғы даңқты КазГУ, қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Міне, сіздер осындай университетте оқисыздар. Енді бәскеге қабілетті, мықты маман болыңыздар!» — деген ізгі тілегін жеткізді.

Биыл қара шаңырақ табалдырығын аттаған студенттердің жетістіктері де аз емес. Бірі мемлекеттік білім грантының иегері, енді бірі «Алтын белгі» медалінің, республикалық және халықаралық олимпиадалардың, ғылыми байқаулардың жүлдегерлері мен халықаралық деңгейдегі спорт шеберлері. Заң факультетінің 1-курс студенті Аружан Аликулова: «ҚазҰУ-дың нағыз элиталар дайындайтын университет екенін мектеп партасынан білетінмін. Ал бүгін дәл осындай мәртебелі шаңырақтың студенті атанып отырмын. Енді құқықтану мамандығы бойынша білім аламын. Алға

Жақында ҚазҰУ аспанын әсем әнмен көмкеріп, көтеріңкі көңіл күйге бөлеген ерекше мереке — 1-курс студенттеріне арналған «Студенттер қатарына қабылдау» кеші өтті. Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен өткен салтанатты іс-шара Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайының алаңын думанға бөледі. Дәстүрлі мерекеге университет басшылығы, Ақсақалдар кеңесінің мүшелері, түлектер, оқытушылар мен студенттер қатысты.



қойған асқақ армандарыма Алатаудай биік университетімнің білімі және тәрбиесімен бірге жетемін деп ойлаймын», — деп өз ойымен бөліссе, журналистика факультетінің 1-курс студенті Айтоты Мағзамова: «Бүгін абыройлы жетістікке жеткен күн. Мектептегі ұстаздарымның, ата-анамның үмітін ақтап, алтын белгі иеленіп, қасиетті қара шаңырақтың студенті атандым. Міне, енді көп түлектің қолы жете бермейтін арманға өрлеген күн мен салтанатты қабылдау кеші бізді қарсы алуда. Кеш бізге ерекше әсер сыйлауда», — деп қуанышын жасырмады.

Ұйымдастырушылар 1-курс студенттеріне арналған маңызды мереке аясында көрермендерге университеттің үздік жобаларынан ғажайып көріністер ұсынып, Қазақстанның көшбасшы оқу орны — ҚазҰУ жетістіктерімен таныстырды. Бұл университеттің тыныс-тіршілігін көрсеткен тамаша саяхат болды. Мерекелік кеш көріністерінің біріне қатысушы химия және химиялық технология факультетінің 2-курс студенті Даяна Америна: «Университетімізде көптеген студенттік ұйымдар жұмыс жасайды. Барлығының алдына қойған мақсаттары бар, ортақ міндеттері ҚазҰУ абыройы мен беделін арттыруға бағытталған. Мерекелік шарадан біздің студенттік ұйым мүшелері де қалыс қалмай, кештің сәнді де мәнді өтуіне өз үлестерін қосуда. Барлық студенттік

ұйым мүшелері бірігіп, белсенді түрде көрініс көрсетті. Бұл көрермендер мен қонақтарымызға ұнап, сахнаға шыққан сәттен-ақ қошеметке бөленудеміз», — деп мерекелік көңіл-күйін жеткізді.

Дәстүр бойынша университет ректоры Ғ.Мұтанов 1-курс студенттеріне символдық «Сынақ кітапшасы» мен «Білім кілтін» тапсырды. Сондай-ақ 1-курс студенттері жоғары курс студенттерімен, ғалымдар және түлектермен танысуға мүмкіндік алды. Кеш соңында университет вальсі орындалды. Студенттер сарайының аумағы әдемі де сәнді жұптармен толып, студенттер өздерінің алғашқы университет вальсін орындап шықты. Жұптық вальсте өнер көрсеткен, философия және саясаттану факультетінің 1-курс студенті Олжас Смәділ: «ҚазҰУ студенті атанудың өзі үлкен мәртебе, зор қуаныш. Мектептік балдәурен шактан, даналық пен парасаттық ұштасқан жастық шаққа жалғасқан студенттік өмірдің алғашқы күндері осындай тамаша мерекелік шарамен басталып жатыр. Бізге осындай шара ұйымдастырған университет басшылығына алғысым шексіз», — дейді. ҚазҰУ-да университет колледжі де өз оқу маусымын бастап кетті. ҚазҰУ колледжіне заң мамандығына түскен, мектеп түлегі Мадияр Әбіл де кештің ерекше көңіл-күй сыйлағанын айтады. Кеш соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



ҚазҰУ студенті Умида Садыкова бокс бойынша халықаралық турнирде алтын медаль жеңіп алды



Досжан Нұрболат
Қуантайұлы 1994 жылы 25 шілдеде Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында дүниеге келген. Мектеп табалдырығынан бастап әдебиетке құштар болып өскен. Ақындық мүшәйраларда сынға түсіп, аудан, облыс, республика көлемінде жүлделі орындардан көрініп жүр. Бүгінде Нұрболат — журналистика факультетінің 4-курс студенті.

I WANT SEE YOU!

Есті алған бейнең дара, шынында
Бейтаныс ару, қарашы мұнда...
Менің сенімен кездескім келеді,
Көрікті,
ҚазҰУ қалашығында...

Жүрмін-ау сені, әл-Фарабиде,
Көрсем деп бармай, қалқам-ау, үйге.
Расымен бүгін ...
I want see you...
Лық толы доллар — қалталау күйде!...

ҚАЙДАСЫҢ ҚАЙРАН БАЛАЛЫҚ

Жиі есімін, иә, аталар мұнда,
Қызғанбай шыдап жата аламын ба?
Менің сенімен кездескім келеді,
Журфакта...
Жатақхана алдында...

Бал көңілдің жүретін түзеп кемін,
Балалық шақ не деген ізетті едің.
Бала қаздар қоштасып мекенімен,
Қақ жарғандай қимастық күз өткелін.

Қасыңа сенің қашықтан таяп,
Алысқа, жаным, асып бармай-ақ.
Менің сенімен кездескім келеді,
Қалашықтағы ғашықтардай-ақ!

Қарап тұрмын қызығып көктемеден,
Сәби талшық гүлдерге көктемеген.
Өткен күнге шек қойып, шөлдеттің-ау,
Қайран уақыт басқасын шектемеген.

Түспесе екен ұнжырған мұнда,
Деп тілеп келем, сол гүл жанымда...
Менің сенімен кездескім келеді,
Оқу залында...
Он бір жарымда...

Көңілімде қарлы арман, қараша мұң,
Дегеніммен биікпен таласамын.
Әкем мен анам сүйіп, әлдилеген,
Мынау үйдің алдында аласамын,
Мынау үйдің ішінде бала шағым.

Көз жұмып баққа біз аттау үшін,
Жеткізер жолым ұзақтауысың...
Менің сенімен кездескім келеді,
Ерніңнен сүйіп,
Құшақтау үшін!

Мынау үйдің сыртында кешегі күн,
Кешегі күн ескегін еседі кім.
Қария да қалмады-ау қамығатын,
Шалыс бассан балам деп кешетұғын.

Тағдырларын тамырсыз тасқа танып,
Туған елдің жанарын жасқа малып.
Құс ғұмырда қаздардай тізбектеліп,
Қайда аттанып барады асқан алып.

Алып шындар бастары түйіспейтін,
Жоғалтып-ақ бара ма, кей іс кейпін.
Анам кайда құлынын әлпештейтін,
Әкем кайда басымнан иіскейтін.

Көңілімде қарлы арман, қараша мұң,
Дегеніммен биікпен таласамын...
Әкем мен анам сүйіп, әлдилеген,
Мынау үйдің алдында аласамын,
Мынау үйдің ішінде бала шағым.

БАЛА ҚЫЗҒА - БАЛАУСА ӨЛЕҢ

Бал күнді көп көріп тәтті өмір,
Есейтіп жіберді-ау ертелеу.
Мен — қара бала едім ақкөңіл,
Сен — сары қыз едің еркелеу.

Есімде сол күндер күз әні,
Қуалап ойнайтын сәт көрсек.
Аулада даттанып тұр әлі,
Тербеліп ойнайтын әткеншек...

Жақын боп үйлердің іргесі,
Арқаға сөмкені асынып.
Екеуміз бір жолмен күнде осы,
Сабаққа барамыз асығып.

Ол шақта бізде көп білместік,
Партада отырған баламыз.
Жарысып аламыз кіл бестік,
Мұғалім болған соң анамыз.

Күнде мен жазып-ап атыңды,
Көрсетпей жүруші ем басқаға.
Бірде апам тауып ап хатымды,
Дауыстап оқыды, маскара.

Өзінді көрем деп онаша,
Мен талай бағымды байқадым.
Шартақтан сығалап балаша,
Шатаққа ілініп қайтамын.

Үйіңнің алдынан үретін,
Ақ итің бастайтын пәлені.
Көріп қап жылатып жүретін,

Ағанның мен едім әлегі.
Тел өскен сыбанып білегін,
Ержетіп қалыппыз көппенен.
Әйтпесе, бұл бала жүрегім,
Өзің деп соғып тұр, от денем...

Жіберіп қалаға ертелеу,
Өзгертіп жіберді қатты өмір.
Мен — сары жігіт боп еркелеу,
Сен — қара қыз бопсың ақкөңіл.

КОКО ШАНЕЛЬ...

Эhh, Шанель, Шанель, Шанель...
Сұлулығың айырғандай еркімнен,
Рас,
Ауырып барам сенің дертіңмен...
Өзің үшін найзағай жыр жарқ етіп,
Өзің үшін аспан кеудем сілкінген...

Эhh, Шанель, Шанель, Шанель...
Көкірегім шерге толып отырмын...
Жанарымды торлаған соң соқыр мұң,
Екеумізді екі бөлек сенделткен,
Тағдырымның тар жолына түкірдім...

Эhh, Шанель, Шанель, Шанель...
Хор қызындай сүйкімдім...
Ансап барам періштедей кейпіңді...
Игере алсам уақытымның тізгінін,
Кейін қарай жылжытар ем кей күнді...

Эhh, Шанель, Шанель, Шанель...
Сенсіз ғұмыр аздық етіп бір маған...
Уақыт шіркін, соқпайтындай бұлданам...
Сұлулығың төңкермесе әлемді,
Сұлулықты сезер ме еді бұл ғалам...

Эhh, Шанель, Шанель, Шанель...
Көңілімді баса алмадым желіккен...
Себебі сен көз тоймайтын көрікті ең.
Суретінді өртедім де, өкіндім...
Өзімді-өзім өртегендей неліктен?...

Эhh, Шанель, Шанель, Шанель...
Жұлдыз ағып жай түскендей төбеменен,
Сағыныштан құса болып өлем мен...
Қабірінде қимай жылап отырып,
Картинқанды салдым қара өлеңмен...

*P/S. Өзгелерге ұқсамайтын әлемің,
Сенсіз кешкен ғұмырым,
Менің мәңгі — әлегім!*

■ ТӘРТП

Қауіпсіздік саласындағы қырағы жігіт

ҚазҰУ - Қазақстандағы ірі қалашығы бар бірегей университет. Білім ордасына алыс-жақын облыстардан келетін студент жастар көп. Олардың біразы қалашықтағы студенттер үйіне қоныстанады. Журналистер жатақханасы атанып кеткен №15 студенттер үйі де биыл тағы бір лекті бауырына басты. Студенттер үйіндегі қауіпсіздік мәселесін жете назарда ұстайтын қауіпсіздік қызметінің маманы Абзал Жайлаубаев оқу маусымындағы қауіпсіздік қызметіне тас-түйін кірісіп кетті.

Абзалды тағы да жұмыс уақытында жолықтырдық. №15 студенттер үйі ашылған күннен бастап, қауіпсіздік қызметіне кіріскелі бір жыл өтіпті. Басында бұл қызметтің жауапкершілігі мен қиындығын байқаса да, табандылығы мен тәртіп қоя білетін қасиетінің арқасында студенттермен тығыз жұмыс жасасып келеді. ҚазҰУ-да тәртіп, қауіпсіздік мәселесімен айналысатын қызметтер бірнеше топқа бөлінеді, бірақ Абзалдың қызметтік жұмысы жатақхана, студенттер өмірімен тығыз байланыста болғандықтан, артылатын жауапкершілік те, міндет те қомақты. Студенттер үйінің қауіпсіздігі, тыныштығы жұмыстың басты талабы. Ал бір күнде осы аумақта басшылық тарапынан үш мәрте тексеру жүреді. Бұған қоса, түнгі кезектегі жеке өз тексеру жұмыстары тағы бар.

Абзал Жайлаубаевтың жұмысы жана технологиялық жүйемен жаңартылып келеді. Жуырда ғана жұмыс жүйесін жеңілдетіп, студенттер тыныштығын қарау мақсатында 15-ке жуық бейнебақылау жүйесі орнатылыпты. Соның арқасында әрбір қабаттың жай-күйін жұмыс барысында-ақ толық бақылап отыруға мүмкіншілік алып отыр. Қазір Абзалмен бірге мұнда тағы екі қызметкер осы салада кезекпен қызмет етіп келеді. №15 жатақхана меңгерушісі Айгүл ханым да Абзалдың тәртіпсүйгіш қасиеті мен жұмысына деген адалдығын тілге тиек етті.

Түнгі кезеңге кезегі келген Абзалға жолыққанымызда қызу жұмыс барысында екен. Студенттер үйіне бірінен соң бірі келіп жатқан студенттердің кіру қағаздарын тексеріп, ас әзірлеп, жуыну бөлмесі, оқу



бөлмесіне баратын студенттерге белгілі сағат аралығына кілт беріп, оларды тіркеп, қауіпсіздік қызметінің басшылығына есеп беріп, түнгілік есік жабу сияқты жалғасып кете баратын тынымсыз сәтіне сәйкес келдік. Шын мәнісінде студенттер тыныштығы мен қауіпсіздігіне және олардың осы ішкі аумақтағы тәртібіне

жете көңіл бөліп, күзете білудің өзі үлкен жауапкершілік, үлкен мәдениет. Сол қызметте байыпты жұмысымен көріне білген Абзалдай азаматтар барда қалашық тыныштығы бұзылмайды.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



В КазНУ проходит неделя «Фестиваля языков»

Вперед «Арлан»!

Продолжение. Начало на 1 стр.



«Благодарю представителей футбольной лиги за организацию этих матчей. Здоровье молодежи имеет большое значение для нашей республики. Желаю командам интересной и захватывающей игры, честных соревнований и позитивного настроения на этом празднике спорта», — отметил Аслан Бакенович.

Турнир начался с матча между командами «Арлан» из КазНУ им. аль-Фараби и «IT Legion» — Международный университет информационных технологий (МУИТ), который закончился со счетом 0:2 в пользу МУИТ. С первых минут команда КазНУ захватила инициативу в свои руки и создала много опасных моментов у ворот соперника. Только отличная игра вратаря команды МУИТ помогла оставить ворота «айтишников» сухими. Развязка случилась на последних минутах встречи, гости забили два безответных мяча в ворота команды «Арлан».

Всего в первых матчах осенней части регионального отборочного турнира Чемпионата «Весна-Осень 2015» в г. Алматы примут участие десять команд, это команды из вузов КазНУ им. аль-Фараби, КазНТУ им. К. Сатпаева, SDU, КазНАУ, ALMU и других университетов. Также отборочные матчи параллельно проходят в Астане, Шымкенте и Караганде. Финальный этап Национальной студенческой лиги по футболу пройдет в Алматы в конце ноября.

Национальная студенческая Лига по футболу создана в РК в 2014 г. Министр образования и науки РК Аслан Саринжипов и генеральный секретарь

Федерации футбола Казахстана Аллен Чайжунусов подписали меморандум о сотрудничестве. Согласно договору стороны совместно будут проводить региональные и республиканские турниры среди образовательных организаций. В прошлом году команда КазНУ выиграла серебряные медали, уступив ЕНУ им. Гумилева в финале.

В КазНУ им. аль-Фараби культивируется свыше тридцати видов спорта. Клубная форма работы секций позволяет студентам заниматься физкультурой и спортом в удобное для них время и с большей эффективностью. В текущем году начато строительство плавательного бассейна. Это будет

хорошая возможность способствовать популяризации плавания среди студенческой молодежи, позволит проводить тренировки и соревнования на собственной базе.

Это лето выдалось «урожайным» на медали в спортивных дисциплинах для студентов КазНУ. Напомним, что на летней Всемирной Универсиаде в г. Кванджу (Южная Корея) студенты КазНУ выиграли 4 «золотые» и одну «бронзовую» медали. На чемпионате мира по дзюдо, прошедшем в Астане, студент КазНУ Елдос Сметов в весовой категории до 60 килограммов выиграл «золото».

Рустем ТАЛАС



НА МЕЖДУНАРОДНОМ ПО
ТУРНИРЕ БОКСУ СРЕДИ ЖЕНЩИН,
ПРОШЕДШЕМ В Г. БУХАРЕ
(УЗБЕКИСТАН), СТУДЕНТКА
КАЗНУ САДЫКОВА УМИДА В
ВЕСОВОЙ КАТЕГОРИИ СВЫШЕ
81 КГ ВЫИГРАЛА «ЗОЛОТО».
В ФИНАЛЬНОЙ СХВАТКЕ ОНА
ПОБЕДИЛА СОПЕРНИЦУ ИЗ
УЗБЕКИСТАНА.

Поздравляет!



Международный турнир по боксу среди женщин проходил с 8 по 14 сентября в г. Бухаре. В соревнованиях приняли участие 108 женщин из Казахстана, Узбекистана, Китая и Турции.

Садыкова Умида — мастер спорта по боксу, многократный победитель и призёр республиканских и региональных соревнований среди молодежи. Является студентом кафедры физического воспитания и спорта факультета биологии и биотехнологии КазНУ. Спортсменка тренируется под началом доцента кафедры, заслуженного тренера РК Б.С. Байкулбаева.

Тренер спортсменки, отмечает ее как целеустремленную девушку, которая добивается поставленных целей. «Весь профессорско-преподавательский состав нашей кафедры гордится Умидой. Она совсем недавно начала выступать во взрослом боксе и уже добилась отличных результатов. Полгода назад Умида взяла «серебро» на республиканском чемпионате, а сейчас «золото», — сказал тренер.

Сама Умида отметила то, что не собирается останавливаться на достигнутом. «Моя мечта — выиграть чемпионат мира, который пройдет в феврале следующего года. В спорте хочу добиться высоких результатов, с упорством спортсмена идти к поставленным целям и обязательно достигать их!», — сказала спортсменка.

Рустем АБРАЕВ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Рустем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКУЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. “Бизнес-Информ” баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №756**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.